

дардың жадыларындағы ақпаратты жаңғырта кету артықтық етпейді.

22-слайд.

Ауыспалы келер шақ

Етістіктің негізі + -а, -е, -й + жіктік жалғау = ауыспалы келер шақ

Мысалы:

БҰЙЫР + А + МЫН – приказываю

ҚАУЛЫ ЕТ + Е + ДІ – постановляет

ТАЛАП ЕТ + Е + МІН – требую

23-слайд.

Жедел өткен шақ

Етістіктің негізі + -ды/ -ді, -ты/ -ті + жіктік жалғау = жедел өткен шақ

Мысалы:

ҚАУЛЫ ЕТ + ТІ – постановил

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДА + ДЫ – принял постановление

ШЕШІМ ҚАБЫЛДА + ДЫ – решил, принял решение

Одан әрі өкімдік бөліктің ресімделу ерекшелігіне тоқталамыз:

24-слайд.

Өкімдік бөліктің мазмұны жаңа жолдан басталып, әр тармағы араб цифрларымен белгіленеді.

Есте сақтаңыз!

Баяндауыштар сөйлемнің соңында тұрады және етістіктің негізіне ырықсыз етістің -ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н жұрнақтары мен бұйрық рай формасының -сын, -сін 3-жақ жұрнақтарын жалғаймыз.

Мысалдар негізінде пысықтаймыз.

25-слайд.

Мысалы:

Готовить – дайындау

Подготовить – дайында + л + сын

Утверждать – бекіту

Утвердить – бекіт + іл + сін

Разрабатывать – әзірлеу

Разработать – әзірле + н + сін

«Атамұра» ААҚ-ның ісқағаздарын жүргізуге мемлекеттік тілді енгізудің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Орыс тіліндегі өкімдік құжат мәтініндегі септік формаларының қазақ тілінде қалай түрленетіндігін мысалдар негізінде түсіндіру арқылы тыңдармандардың бұл ақпаратты жадыларында жеңіл сақтауына және көпшілігі жіберетін қателіктерді болдырмауға жағдай жасаймыз. Мысалы:

26-слайд.

Есте сақтаңыз!

Орыс тіліндегі құжат мәтінінде барыс септік формасында тұратын есім сөздерді қазақ тіліне аударғанда оларға ешқандай септік жалғау жалғанбайды, яғни, атау септік формасында тұрады.

Мысалы:

Начальнику Военного института Министерства обороны Республики Казахстан – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери институтының бастығы

Одан әрі осы тәріздес мәнмәтінде кездесетін сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұрған етістіктің морфологиялық құрамының қалай өзгеретіндігіне тоқталу арқылы қазақ тілінің тағы бір ерекшелігімен таныстырамыз.

27-слайд.

Ескерту:

Мұндай нақты субъект көрсетілген жағдайда етістіктің негізіне, жоғарыда айтқандай, ырықсыз етістің -ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н жұрнақтарын жалғамай, бірден бұйрық рай формасының -сын, -сін 3-жақ жұрнақтарын жалғаймыз.

Мысалы:

Начальнику Военного института Министерства обороны Республики Казахстан разработать план мероприятий – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери институтының бастығы іс-шаралар жоспарын әзірле + сін

Өкімдік құжаттар мәтінінде орыс тіліндегі барыс септік формасымен қатар, табыс септік формасы да қазақ тіліне аударғанда өз септік формасын сақтамайтындығын келесі слайдтағы мысалға сүйене отырып түсіндіреміз.

28-слайд.

Есте сақтаңыз:

Орыс тіліндегі құжат мәтінінде табыс септік формасында тұратын есім сөздерді қазақ тіліне аударғанда оларға ешқандай септік жалғау жалғанбайды, яғни атау септік формасында тұрады.

Мысалы:

Принять Сарсенову Айнура Касымхановну на должность менеджера –

Сарсенова Айнура Касымханқызы менеджер лауазымына тағайындалсын

Принять к руководству Инструкцию – Нұсқаулық басылыққа алынсын

Ал, егер әрекеттің кімге жүктелетіндігі көрсетілсе, яғни лауазымды тұлға аталған жағдайда орыс тіліндегі табыс септік формасы қазақ тіліне аударғанда да табыс септік формасында тұратындығын баса айтып, мысалдар негізінде түсіндіреміз.

29-слайд.

Ескерту:

Ал нақты субъект көрсетілген жағдайда табыс септіктің -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н жалғаулары жалғанады.

Мысалы:

Начальникам Военных учебных заведений:

- принять к руководству Инструкцию –

Әскери оқу орындарының бастықтары:

- Нұсқаулықты басылыққа алсын

Осылайша, өкімдік құжаттар мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне аудару немесе қазақ тілінде ресімдеу барысында кездесетін тіліміздің заңдылықтарымен, ерекшеліктерімен таныстырып болғаннан кейін пысықтау жаттығуларын жүргізген абзал. Ең бастысы, ұсынып отырған тапсырмамыздағы жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің баламасын тыңдармандарымыздың білуі шарт екендігін естен шығармауымыз керек. Егер бейтаныс сөздер бар болса, олармен алдын-ала таныстырып аламыз.

Содан соң ғана пысықтауға арналған тапсырманы ұсынамыз. Мысалы:

30-слайд.

Сіз білесіз бе?

1. *Возлагать* – жүктеу

2. *Доводить* – жеткізу

3. *Структурные подразделения* – құрылымдық бөлімшелер

4. *Исполнительный директор* – атқарушы директор

5. *Программа* – бағдарлама

6. *Разрабатывать* – әзірлеу

31-слайд.

Пысықтау сәті

Аударыңыз:

Довести до всех структурных подразделений;

Возложить на исполнительного директора;

«Программа развития языков»;

Разработать «Программу развития языков»;

Учебному центру ПИМ разработать «Программу развития языков».

32-слайд.

Дұрыс жауабы:

Барлық құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін;

Атқарушы директорға жүктелсін;

«Тілдерді дамыту бағдарламасы»;

«Тілдерді дамыту бағдарламасы» әзірленсін;

БЖӘ оқу орталығы «Тілдерді дамыту бағдарламасын» әзірлесін.

Тыңдармандардың жаңа тақырыпты жақсы қабылдауына септігін тигізетін пысықтау жаттығуын жасатқаннан кейін олардың қайсысы қандай деңгейде меңгергенін анықтап, бағалау үшін тест жұмысын орындатамыз.

33-слайд.

Өтілген тақырып бойынша тест жұмысы:

1. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Указ Президента Казахстана от 20 февраля 2008 года №45.

А) ҚР Президентінің Жарлығы №45 2008 жылғы 20 ақпаннан

В) ҚР Президентінің 20 ақпан 2008 жылғы №45 Жарлығы

С) ҚР Президентінің 2008 жылғы 20 ақпаннан №45 Жарлығы

Д) ҚР Президентінің 2008 жылғы 20 ақпандағы №45 Жарлығы

2. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Совет директоров ПРИНЯЛ РЕШЕНИЕ:

А) Директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҒАН:

В) Директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ:

С) Директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Д) Директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДА:

3. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Правительство Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЕТ:

А) Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

В) Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

С) Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Д) Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ:

4. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: В целях внедрения и развития

А) Енгізу және дамыту мақсатында

В) Енгізу мен дамыту мақсатында

С) Енгізу және дамыту мақсатымен

Д) Енгізу мен дамыту мақсатымен

5. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Об организации мероприятий

А) Іс-шаралардың ұйымдастыру туралы

В) Іс-шараларды ұйымдастырғаны туралы

С) Іс-шаралардың ұйымдасқаны туралы

Д) Іс-шараларды ұйымдастыру туралы

6. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: построенный объект

А) салған нысан

В) салынған нысан

С) салылған нысан

Д) салатын нысан

7. Дұрыс жазылған баламаны табыңыз: ПРИКАЗЫВАЮ

А) БУЙЫРАМЫН

В) БҮЙРАМЫН

С) БУЙРАМЫН

Д) БҮЙЫРАМЫН

8. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Издательство «Дәуір»

А) Баспа «Дәуір»

В) «Дәуір» баспасы

С) Баспасы «Дәуір»

Д) «Дәуір» баспа

9. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: В соответствии с Постановлением Правительства РК

А) ҚР Үкіметінің Қаулысымен сәйкес

В) ҚР Үкіметінің сәйкес Қаулысына

С) ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес

Д) ҚР Үкіметінің сәйкес Қаулысымен

10. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Согласно приложения

А) Сәйкес қосымшаға

В) Қосымшамен сәйкес

С) Сәйкес қосымшаның

Д) Қосымшаға сәйкес

11. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Взять на контроль

А) Бақылауға алынсын

В) Бақылауға алсын

С) Бақылауға алылсын

Д) Бақылауға алу

12. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Исполнительному директору взять на контроль

А) Атқарушы директорға бақылауға алынсын

В) Атқарушы директорға бақылауға алсын

С) Атқарушы директор бақылауға алынсын

Д) Атқарушы директор бақылауға алсын

13. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Принять А.С.Нурғалиева

А) А.С.Нурғалиевті қабылдасын

- В) А.С.Нұрғалиева қабылдансын
 С) А.С.Нұрғалиевті қабылдансын
 Д) А.С.Нұрғалиев қабылдансын

14. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Директору разработать «Инструкцию по эксплуатации»

- А) Директорға «Пайдалану жөніндегі нұсқаулық» әзірленсін
 В) Директор «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты» әзірлесін
 С) Директорға «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты» әзірлесін
 Д) Директор «Пайдалану жөніндегі нұсқаулық» әзірлесін

15. Қазақша дұрыс баламасын табыңыз: Реквизиты распорядительных документов

- А) Өкілеттік құжаттардың деректемелері
 В) Өкімдік құжаттардың реквизиттері
 С) Өкімдік құжаттардың деректемелері
 Д) Өкілеттік құжаттардың реквизиттері

34-слайд.

Тест жауаптарының дұрыс нұсқалары:

1. Д
2. С
3. С
4. А
5. Д
6. В
7. Д
8. В
9. С
10. Д

11. А
12. Д
13. Д
14. В
15. С

Содан соң тыңдармандарды бағалап, тақырыпты қорытындылап, сабақты аяқтаймыз.

Кез-келген тілдегі секілді қазақ тіліндегі ресми стильдің де өзіндік қыр-сыры бар. Қазақша еркін сөйлейтін адамдардың бәрі оны жете меңгере бермейді. Сондықтан тіл мамандарына бесенеден белгілі жоғарыдағы ерекшеліктермен тыңдармандарымызды жете таныстыру арқылы оларды құпиясы мен қызығы мол ресми стиль әлеміне бір табан болса да жақындатып тастауымыз сөзсіз деп ойлаймын.

1. ҚР Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы №4106 жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

2. ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамызда қабылданған №769 «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің аясын кеңейту туралы» Қаулысы.

3. ҚР Қорғаныс министрінің 2007 жылғы 3 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінде қызметтік хат алмасу мен іс жүргізу ережесі».

В статье рассматриваются способы обучения общим и частным особенностям разработки распорядительных документов на государственном языке.

There are considered ways of teaching of common and private peculiarities of development of officiant documents on the state language.

Р. С. Туребекова

ТВОРЧЕСКИЕ РАБОТЫ В НАЦИОНАЛЬНОЙ АУДИТОРИИ

Студенты казахского отделения на экзаменах показывают недостаточное умение излагать мысли по-русски в стройной, стилистически обработанной, логической последовательной форме. Очень часто, зная фактический материал учебных дисциплин, студенты стараются, изложить его книжными фразами или же, рассказывая своими словами, допускают неправильности в конструкции предложений, в синтаксическом оформлении своей речи. И поэтому обязательным компонентом уроков русского языка являются творческие работы учащихся, выполняемыми ими в устной или письменной форме на уроке и дома, выполняемые в качестве СРС. Задание творческого характера - одно из условий развития личности студентов, их творческих возможностей, логики мышления.

О характере типичных ошибок в устной и письменной речи студентов казахского отделения

говорилось и писалось много. В этой связи закономерно вставал вопрос, почему студенты пишут сочинения, изложения или любые письменные работы очень кратко. И почему в этих письменных работах нет рассуждений, которые бы последовательно и основательно приводили к данному заключению или выводу. Даже на физико-математическом факультете на занятиях студенты стараются рассказывать, но не доказывать, хотя вся суть этих наук заключается в стройных логических построениях, истина которых, вытекает из ряда последовательных рассуждений, которые должны неизменно привести к нужному выводу, к нужному обобщению. Преподаватели этих предметов, делая ненужные скидки на «бедность языка» студентов, мирятся с плохими и неубедительными ответами, и тем самым очень сильно затрудняют наши старания развить речь студентов. Отсюда, как это неоднократно указы-